Қазақ тілі өзге ұлт өкілдеріне оқыту барысында этнопедагогика элементтерін жүйелі түрде пайдаланып отырады. Мысалы, қазақ тілі сабағында етістіктің бұйрық райын түсіндіргенде тек оқулықтағы мысалдармен шектеліп қоймай, халқымыздың тиым сөздерін ұтымды пайдалануға болады. Тиым сөздер – халықтың тәлім – тәрбие, үлгі - өнеге, ақыл – кеңес берудегі құралдардың бірі. Халықта: «Тыйымсыз елдің жастары дуана» - дейді. Тыйым, негізінен балаларға арналып, өзара жаман әдет, жат пиғылдан, ерсі – қимыл, әдепсіз істерден сақтандыруда өте маңызды қызмет атқарады. Мысалы, «Малды теппе», «Бөркінді теріс киме», «Босағаны керме», «Құстың ұясын бұзба», «Аққуды атпа», «Бұлақтың көзін бітеме», «Құмырсқаның илеуін бұзба», «Сабаққа кешікпе», «Үлкендердің сөзін бөлме» т.б. сөздер арқылы ата – бабаларымыз жас баланың санасына қоршаған орта, табиғатқа деген ізгі сезімдерді ұялатуды көздеген. Халықта «Тәрбие басы – тіл, өнер алды - тіл» - деп бекер айтпаса керек.

Сөйтіп, сөз арқылы біз экологиялық тәрбие берумен бірге адамгершілік, жауапкершілік, отанға деген сүйіспеншілік сияқты ізгі қасиеттерге баулимыз.

Сан есімдерді түсіндіргенде халқымыздың жеті ата, жеті қазына, жеті жұрт, жеті шелпек, бес дұшпан, бес асыл іс сияқты қасиетті сандарға байланысты жаттығулар құрап, соларға байланысты шығармаларды еске түсіреміз. Мысалы: Ұлы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен үзінді оқып берсе :

Адам болам десеңіз  
Бес нәрсеге асық бол,

Бес нәрседен қашық бол – дей келе адам бойында кездесетін бес жаман қасиет: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ және бес жақсы қасиет: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым екендігі туралы әңгіме өткізу арқылы бала тәрбиесін этно тұрғыдан өткіземіз. Ал қазақ халқының салт дәстүрлері тақырыбын өткенде тойларда, шілдехана, тұсау кесу, сүндет тойда берілетін бата түрлерінен алынған үзінділерден балаға, жастарға айтылған нақыл сөздер мен тілектердің мағынасын түсіндіру арқылы қазақ отбасында ежелден бала тәрбиесіне көп көңіл бөлгеніне назар аударған абзал.[2,76]

Бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде осы материалдарды қолдануда оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескерген жөн.

Жас ұрпақ – біздің келешегіміз және де этнопедагогика элементтерін күнделікті сабақ барысында, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында пайдалану: біріншіден, басқа ұлт балаларының халқымыздың салт-дәстүрлеріне деген қызығушылығын, түсінушілігін тудырса; екіншіден, олардың ауызша, жазбаша тілін дамытуға жағдай жасайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1.Алтынбай Ш. Ерте жастан тәрбиелеу- халықтық педагогиканың отбасындағы қаймағы бұзылмаған саласы.//Ұлт тағылымы –2002 №1 –15 б.
2. Ахметова Ш. Халық педагогикасы ілімі. //Қазақстан мектебі-2001-№3-29-30 бет.
- 3.Әлиева Р. Сабақты халық педагогикасы мен ұштастыру //Қазақ тілі мен әдебиеті, 2002 -№3 – 8 б.
- 4.Әбсаттаров Р. Ұлттық сана-сезімнің өсуі халықтық кемелдің көрінісі // Ақиқат 1994 №1- 3-5 б.
5. Әмірова Ш. Ұлттық тәрбиенің берері көп//Бастауыш мектеп, 2000 №4-25-26б.
- 6.Бейсенова А. Дәстүр мен ұрпақ тәрбиесі – ұлттық идеологияның негізі. //Егемен Қазақстан-2006-19 сәуір.

**УДК 159**

**Омарбеков Аслан Қайратович**

*магистрант 2 курса, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,  
г. Семей*

### **МОТИВАЦИЯ И МОТИВ В УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ**

В статье рассматривается понятие «мотива» и «мотивации» и их роль в учебно-познавательной деятельности студентов. Раскрывается взаимосвязь способностей и профессиональной мотивации студентов.

**Ключевые слова:** мотив, мотивация, профессиональная мотивация, способности.

The article discusses the concept of "motive" and "motivation" and their role in the educational and cognitive activity of students. The article reveals the relationship between students' abilities and professional motivation.

**Keywords:** motive, motivation, professional motivation, abilities.

Мақалада "мотив" және "мотивация" ұғымы және олардың студенттердің оқу-танымдық қызметіндегі рөлі қарастырылады. Студенттердің қабілеттері мен кәсіби мотивациясының өзара байланысы ашылады.

**Түйінді сөздер:** мотив, мотивация, кәсіби мотивация, қабілеттер.

Мотивация является одной из фундаментальных проблем, как в отечественной, так и в зарубежной психологии. Ее значимость для разработки современной психологии связана с анализом источников активности человека, побудительных сил его деятельности, поведения. Сложность и многоаспектность проблемы мотивации обуславливает множественность подходов к пониманию ее сущности, природы, структуры, а также к методам ее изучения (Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн, М. Аргайл, В.Г. Асеев, Л.И. Божович, К. Левин, А.Н. Леонтьев, З. Фрейд и др.). Существенно подчеркнуть, что основным методологическим принципом, определяющим исследования мотивационной сферы в отечественной психологии, является положение о единстве динамической (энергетической) и содержательно-смысловой сторон мотивации.

Понимаемая как источник активности и одновременно как система побудителей любой деятельности мотивация изучается в самых разных аспектах, в силу чего понятие трактуется авторами по-разному. Исследователи определяют мотивацию как один конкретный мотив, как единую систему мотивов и как особую сферу, включающую в себя потребности, мотивы, цели, интересы в их сложном переплетении и взаимодействии[2].

Наиболее полным является определение мотива, предложенное одним из ведущих исследователей этой проблемы – Л.И. Божович. Согласно Л.И. Божович, в качестве мотивов могут выступать предметы внешнего мира, представления, идеи, чувства и переживания, словом, все то, в чем нашла воплощение потребность [1, с. 41–42]. Такое определение мотива снимает многие противоречия в его толковании, где объединяются энергетическая, динамическая и содержательная стороны. При этом подчеркнем, что понятие «мотива» уже понятия «мотивация», которое «выступает тем сложным механизмом соотнесения личностью внешних и внутренних факторов поведения, который определяет возникновение, направление, а также способы осуществления конкретных форм деятельности» [2]. Учебная мотивация определяется как частный вид мотивации, включенный в определенную деятельность, - в данном случае деятельность учения, учебную деятельность. Учебная мотивация позволяет развивающейся личности определить не только направление, но и способы реализации различных форм учебной деятельности, задействовать эмоционально-волевую сферу. Она выступает в качестве значимой многофакторной детерминации, обуславливающей специфику учебной ситуации в каждый временной интервал. Одной из проблем оптимизации учебно-познавательной деятельности студентов является изучение вопросов, связанных с мотивацией учения. Это определяется тем, что в системе «обучающий – обучаемый» студент является не только объектом управления этой системы, но и субъектом деятельности, к анализу учебной деятельности которого в вузе нельзя подходить односторонне, обращая внимания лишь на «технологии» учебного процесса, не принимая в расчет мотивацию. Как показывают социально-психологические исследования, мотивация учебной деятельности неоднородна, она зависит от множества факторов: индивидуальных особенностей студентов, характера ближайшей референтной группы, уровня развития студенческого коллектива и т.д. С другой стороны, мотивация поведения человека, выступая как психическое явление, всегда есть

отражение взглядов, ценностных ориентаций, установок того социального слоя (группы, общности), представителем которого является личность. Рассматривая мотивацию учебной деятельности, необходимо подчеркнуть, что понятие мотив тесно связано с понятием цель и потребность. В личности человека они взаимодействуют и получили название мотивационная сфера. В литературе этот термин включает в себя все виды побуждений: потребности, интересы, цели, стимулы, мотивы, склонности, установки. Большую роль в формировании интереса к учению играет создание проблемной ситуации, столкновение учащихся с трудностью, которую они не могут разрешить при помощи имеющегося у них запаса знаний; сталкиваясь с трудностью, они убеждаются в необходимости получения новых знаний или применения старых в новой ситуации. Интересна только та работа, которая требует постоянного напряжения. Легкий материал, не требующий умственного напряжения, не вызывает интереса. Преодоление трудностей в учебной деятельности – важнейшее условие возникновения интереса к ней. Трудность учебного материала и учебной задачи приводит к повышению интереса только тогда, когда эта трудность посильна, преодолима, в противном случае интерес быстро падает [4]. Учебный материал и приемы учебной работы должны быть достаточно (но не чрезмерно) разнообразны. Разнообразие обеспечивается не только столкновением учащихся с различными объектами в ходе обучения, но и тем, что в одном и том же объекте можно открывать новые стороны. Один из приемов возбуждения у учащихся познавательного интереса – «отстранение», т.е. показ учащимся нового, неожиданного, важного в привычном и обыденном. Новизна материала – важнейшая предпосылка возникновения интереса к нему. Однако, познание нового должно опираться на уже имеющиеся у учащегося знания. Использование прежде усвоенных знаний – одно из основных условий появления интереса. Существенный фактор возникновения интереса к учебному материалу – его эмоциональная окраска [4].

Однако дело не только в том, что способности и мотивация находятся в диалектическом единстве, и каждый из них определенным образом влияет на уровень успеваемости. Исследования, проведенные в вузах, показали, что сильные и слабые студенты отличаются вовсе не по интеллектуальным показателям, а по тому, в какой степени у них развита профессиональная мотивация. Конечно, из этого вовсе не следует, что способности не являются значимым фактором учебной деятельности. Подобные факты можно объяснить тем, что существующая система конкурсного отбора в вузы, так или иначе, проводит селекцию абитуриентов на уровне общих интеллектуальных способностей. Те, кто выдерживает отбор и попадает в число первокурсников, в целом обладают примерно одинаковыми способностями. В этом случае на первое место выступает фактор профессиональной мотивации; одну из ведущих ролей в формировании «отличников» и «троечников» начинает играть система внутренних побуждений личности к учебно-познавательной деятельности в вузе. В самой сфере профессиональной мотивации важнейшую роль играет положительное отношение к профессии, поскольку этот мотив связан с конечными целями обучения [5].

Профессиональная мотивация представляет собой систему внутренних побуждений, которые вызывают трудовую активность человека, направляют ее на достижение профессиональных целей и регулируют структуру и функции деятельности. Существует большое количество разнообразных классификаций мотивов трудовой деятельности [3]. В качестве примера можно привести широко известную классификацию потребностей, предложенную американским психологом А. Маслоу. Он выделяет пять уровней потребностей:

- 1) физиологические потребности (голод, жажда, сексуальность и т. д.);
- 2) потребности в безопасности (защита от страданий, неудобств);
- 3) потребности в социальных связях (сопереживание, общение, любовь, дружба и т. д.);
- 4) потребность в самоуважении (признание, уважение, одобрение);

5) потребность в самоактуализации (потребность в понимании и осмыслении собственного пути, реализации своих возможностей и способностей).

Таким образом, формирование положительного отношения к профессии является важным фактором повышения учебной мотивации студентов. Структура мотивов студента, формирующаяся в период обучения, становится стержнем личности будущего специалиста. Следовательно, развитие позитивных учебных мотивов — неотъемлемая составная часть формирования личности студента.

#### **Список использованной литературы:**

1. Божович Л.И. Проблема развития мотивационной сферы ребенка // Изучение мотивации поведения детей и подростков. – М., 1992.
2. Вилюнас В. К. Психологические механизмы мотивации человека. – М., 2005.
3. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. Ростов на Дону, 1996.
4. Орлов Ю.М. Потребностно-мотивационные факторы эффективности учебной деятельности студентов ВУЗа: Автореф. ... д-ра психол. н. - М., 1984.— электронный ресурс сайта [http://www.koob.ru/age\\_psychology/](http://www.koob.ru/age_psychology/)
5. Якунин В.А. Психология учебной деятельности студентов. – М., 1994.

**УДК 159**

**Омарбеков Аслан Кайратович**

*магистрант 2 курса, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,  
г. Семей*

### **ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ ПСИХОЛОГА**

В статье рассматриваются особенности профессионального и личностного самоопределения практического психолога. Раскрывается взаимосвязь самореализации в профессии с личностным и профессиональным самоопределением.

**Ключевые слова:** профессиональное самоопределение, личностное самоопределение, самореализация.

Мақалада практикалық психологтың кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтауының ерекшеліктері қарастырылады. Кәсіптегі өзін-өзі жүзеге асырудың тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтаумен өзара байланысы ашылады.

**Түйінді сөздер:** профессиональное самоопределение, личностное самоопределение, самореализация.

The article discusses the features of professional and personal self-determination of a practical psychologist. The article reveals the relationship of self-realization in the profession with personal and professional self-determination.

**Keywords:** professional self-determination, personal self-determination, self-realization.

Профессиональная деятельность человека в отличие от других видов деятельности (учебной, игровой, общения) состоит в том, что она предполагает обязательную рефлексию на содержание предмета профессиональной деятельности. Освоение профессии предполагает включение ее предмета в содержание Я-концепции человека. Естественно, что варианты этого



будут бесконечно разнообразны, но, тем не менее, в них есть то принципиально общее, что конституирует предмет одной профессиональной деятельности в отличие от другой. В этой связи целесообразно рассмотреть профессиональную деятельность с точки зрения саморазвития личности.

Существуют близкие к самоопределению понятия (самоактуализация, самореализация, самоосуществление...), которые многими авторами часто определяются через отношение к труду, к главному делу своей жизни. Например, А. Маслоу раскрывает их «через увлеченность значимой работой», К.Ясперс — через «дело», которое делает человек, В. Франкл определяет полноценность человеческой жизни через его способность «выходить за пределы самого себя, а главное — находить новые смыслы в конкретном деле и во всей человеческой жизни» [1, с. 88-90]. Рассуждая о самоопределении и самореализации, И.С. Кон связывает их с выполняемым делом (трудом, работой) и взаимоотношениями с окружающими людьми (общением в широком смысле) [2, с.209]. П.Г.Щедровицкий связывает смысл самоопределения со способностью человека строить самого себя, свою индивидуальную историю, в умении постоянно переосмысливать собственную сущность [3].

Самореализация тесно связана с личностным и профессиональным самоопределением. Следовательно, при выборе соответствующей профессии будущий студент руководствуется определёнными мотивами. В ряде работ, посвященных студентам-психологам мотивом выбора профессии являлись: желание "помогать людям"; потребность "разобраться в себе", побольше узнать о нетрадиционной области знаний; приобрести престижную профессию "психолога-практика" (психотерапевта, консультанта и т.п.).

Для более полного понимания личностного и профессионального самоопределения студентов-психологов необходимо рассмотреть саму профессиональную деятельность или предмет этой деятельности. Так, Г.С. Абрамова определяет предметом деятельности психолога психическую реальность человека [4, с. 7]. В своей работе психолог выступает по отношению к другому человеку как «Другой» человек, порождающий в нем психическую реальность, и как профессионал, сохраняющий эту реальность в качестве предмета взаимодействия.

Психологическая помощь есть область и способ деятельности, предназначенные для содействия человеку и сообществу в решении широкого круга проблем, порождаемых душевной жизнью человека в социуме. Ясно поэтому, что понимание проблематики психологической помощи связано с пониманием психики как такого пространства (уровня, способа) человеческого бытия, многообразие и многогранность которого и определяет совокупность проблем в деятельности соответствующего специалиста, а именно: межличностные отношения, эмоциональные внутриличностные (как глубинные, так и ситуативные) конфликты и переживания; проблемы социализации (выбор профессии, создание семьи, разные формы общественных отправления), проблемы персонализации (возрастные и экзистенциальные), т. е. весь спектр эмоционально-смысловой жизни человека как общественного существа, наделенного психикой.

По мнению Г. С. Абрамовой, «Профессионалы - это люди, которые своими действиями создают или разрушают психическую реальность конкретного человека, на которого они оказывают воздействие» [4, с. 13].

Следовательно, психолог должен прекрасно владеть практической этикой, которая является составной частью его Я-концепции и структурирует психическую реальность его собственной жизни.

Отсюда вытекает необходимость проработки личностных проблем психолога (фрустрированных или нереалистичных потребностей, фантазий, страхов, конфликтов, защит, ценностных смыслов, самооценок, мотивов и т. п.), которые необходимо проработать уже в

студенчестве. Кроме этого, недостаточная профессиональная (техническая и теоретическая) подготовка легко может привести к травмированию как клиента, так и консультанта.

Современное понимание профессионального самоопределения неразрывно связано с личностным самоопределением. Более того, профессиональное самоопределение входит в личностное и у взрослого человека является его неразрывной составляющей. Так на вопрос: "Кто ты?", большинство, не задумываясь, назовут свою профессиональную принадлежность.

Самоопределение — это сложный, многоступенчатый процесс развития человека и его структурными элементами являются разные виды самоопределения.

Смысл самоопределения П.Г. Щедровицкий видит в способности человека строить самого себя, свою индивидуальную историю, в умении переосмысливать собственную сущность [3].

Профессиональное самоопределение - это более конкретное образование, его проще оформить официально (в виде диплома, сертификата и т.п.), личностное самоопределение гораздо сложнее представить в виде официальных заслуг и достижений. Профессиональное самоопределение больше зависит от благоприятных для данной деятельности условий, а личностное самоопределение больше зависит от самого человека. Личностное самоопределение формируется раньше профессионального, на основе личностного самоопределения складываются требования к профессии. Личностное самоопределение — это определение человеком того, кем он хочет стать, что он хочет, что может, что от него хочет общество. Без такого личностного самосознания, если оно не сложилось, профессиональное самоопределение затруднено.

Возвращаясь к понятиям профессионального и личностного самоопределения и учитывая специфику профессии психолога, о которой будет изложено далее, становится предельно ясно, что данная профессиональная деятельность оказывает существенное влияние на личностное самоопределение. Профессиональное самоопределение более конкретное образование, его проще оформить официально (в виде диплома, сертификата и т.п.), личностное самоопределение гораздо сложнее представить в виде официальных заслуг и достижений, на основе личностного самоопределения складываются требования к профессии.

#### Список использованной литературы:

- 1.Фонарёв А.Р. Формы становления личности в процессе её профессионализации. Вопросы психологии. 1996. №4 С. 88-93
2. Кон И. С. Психология ранней юности. М., 1989. - 201с.
3. Щедровицкий П. Г. Очерки по философии образования. М.,1993
4. Абрамова Г. С. Практическая психология. Екатеринбург. Деловая книга., 1998. - 368 с.

**ОӘК: 37. 013**

Рыскалиева Аяулым Қанатқызы

*2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қ.*

#### **МУҒАЛІМНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Бұл мақалада мұғалімнің инновациялық педагогикалық технологияны меңгеруі және оның өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуына қажетті жаңа білім, білік, дағдыны меңгеруі қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** дидактикалық даярлық, дидактикалық қабілеттілік, дидактикалық біліктілік, педагогикалық технология.

*В данной статье рассматриваются новые знания, умения, навыки, необходимые для освоения учителем инновационной педагогической технологии и его использования в своей практике.*

**Ключевые слова:** дидактическая подготовка, дидактические способности, дидактическая квалификация, педагогические технологии.

*This article discusses the new knowledge, skills, and skills necessary for a teacher to master innovative pedagogical technology and use it in their practice. **Keywords:** didactic training, didactic abilities, didactic qualification, pedagogical technologies.*

«Қазақстан-2030» стратегиясында «Біздің басты игіліктеріміздің ішінде халқымыздың немесе былайша айтқанда адам ресурстарының сапасы тұр. Біздің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары, білім өрісі биік халқымыз бар. Біз қолымыздағы осындай баға жетпес капиталды жан-жақты дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі неғұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіспіз» делінгендей, мемлекетіміздің экономикалық және әлеуметтік жетістіктері, ең алдымен, олардың білім жүйесімен, азаматтарының білімділігімен анықталады.

Жаһандану дәуірі - әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі де болғандықтан, білім - пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде маман кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

Оқу-тәрбие процесін интенсификациялау-оқуды күшейту және арттыру, еңбек өнімділігін арттыру-оқу процесіне қатысушылардың белсенділігін, даярлығын, сапалығын талаптарға лайықтау, оқу процесіне керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, арнайы жабдықталған оқу кабинеттерін оқытуға қажетті компьютерлермен, оқытудың жаңа техникалық құралдармен қамтамасыз ету, әрине ретімен, орынды, жоспарлы пайдалану арқылы интенсификациялау оңтайлы оқыту іске асырылады. Педагогикалық процесс оқыту мен тәрбие жұмыстарының бірлігі. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жаңаруы білім берудің концептуалдық базасын негіздеуге және айқындауға ерекше мәнділік сипат берді. Педагогикалық білім беру тұжырымдамасы Қазақстан Республикасында терең қызығушылық тудырды, оның авторлары Т.С.Садықов, Н.Д.Хмель, Қ.Қ.Жампейсова, С.И.Қалиев, А.А.Бейсенбаева, Н.Н.Хан, С.А.Ұзақбаева, А.Н.Ильясова [1].

Қазақстан мемлекетінде «инновация» ұғымын пайдалану соңғы он жылдыққа жатады. Ең алғаш «инновация» ұғымы қазақ тілінде анықтаған ғалым профессор Немеребай Нұрахметов. Ол былай дейді: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі».

Инновациялық іс-әрекет жаңашылдықты іздеп шешуге дайын болу қасиетімен де тығыз байланысты. Ал іс-әрекеттің «негізгі құрастырушысы» ретінде Б.Ф.Ломов мыналарды бөліп көрсетеді: мотивті, мақсатты, жоспарлауды, күнделікті мағлұматтарды өңдеуді, оперативті бейнелеуді, шешім қабылдауды, іс-әрекеттерді, қорытындыны тексеру және әрекеттерді түзету.

Болашақ ұрпаққа бәсекеге қабілетті деңгейде білім беруге кәсіби қызметінің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсіне білген, оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологияларын меңгерген мұғалім ғана жете алады. Өйткені, қазіргі уақытта оқу-тәрбие үрдісіне, оның

мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары мен басқару түрлеріне сапалық тұрғыдан жаңа талаптар қойылуда.

Инновацияның мазмұндық құрылымына кіретіндер — білім беру, тәрбие-леу үрдісінде, оқу-тәрбие жұмысын және оларды меңгеріп алу, зерттеу, мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне енгізу.

Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру барысында жүргізілген педагогикалық іс-тәжірибелік жұмыстарда біз педагогика ғылымында бұған дейін белгілі инновациялық әдіснамалық тұжырымдарды басшылыққа алдық.

Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмысымызда біз мұғалімнің инновациялық білім деңгейін қарастырдық:

- мұғалімнің инновациялық педагогикалық технологиялар жайлы білімі;
- психология, педагогика ғылымдарындағы инновациялық тұжырымдар жайлы білімі;
- мұғалімнің өз іс-әрекетіне педагогикалық талдау, сараптама жасай алуы,
- педагогикалық рефлексия;
- мұғалімнің өз білімін өзі жетілдіруге талпынысы.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұратын үдеріс. Мұғалім баланы бір жағынан өмір сүріп отырған кезеңнің қажеттілігіне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып тәрбиелесе, екінші жағынан, мәдениетті сақтаушы, жеткізуші, тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашаққа қызмет етеді. Әсіресе, қазіргі ақпарат ағыны толассыз құйылған, өзгермелі заманда жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалімнің қызметі күрделене түскені белгілі. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі қызметінің құрылымының ішінде өзара тығыз байланысты құрастыру, ұйымдастырушылық және коммуникативтік әрекеттер басымдық мәнге ие. Бастауыштағы бірнеше пәнді бір мұғалім оқытады, сондықтан ол барлық сабақтың әдістемесін, яғни бастауыш оқытудың дидактикасын меңгеруі керек. Мектептегі оқыту дидактикалық үдеріс болғандықтан, болашақ мұғалім оның өзіне тән психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін біліп, оған дайын болуы тиіс [2].

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің сапасын арттыратын оқу-тәрбие үрдісін жаңа бағытта құру бойынша түбегейлі өзгерістермен ерекшеленетін жаңаша іс-әрекет. Мұғалімнің инновациялық даярлығы – мұғалімнің инновациялық педагогикалық технологияны меңгеруі және оның өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуына қажетті жаңа білім, білік, дағдыны меңгеруі.

Мұғалімдерге инновациялық білім берудің міндеті-оларды ізденімпаз жаңашыл ұстаз етіп даярлау, күнделікті білім мен біліктілігін көтеру, өз ісіне шығармашылықпен қарау, меңгерген инновациялық технологияны өз мектебі мен сыныбының ерекшеліктерін ескере отырып түрлендіре алу, өз ісіне сыни көзқараспен қарау, жеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктеріне педагогикалық сараптама жасай алу, өзінің авторлық технологиясын өмірге әкелу, оны әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, ұдайы әдістемелік жетілдіріп отыру.

Мұғалімдерге инновациялық білім берудің формаларына: арнайы инновациялық курстар, семинар-конференциялар, педагогикалық тренингтер, инновациялық педагогикалық оқулар мен форумдар, ғылыми жобаны қорғауға арналған әр түрлі байқаулар мен сайыстар және т.б. жатады. Инновациялық білім беру әдістеріне: әңгімелесу, пікірлесу, талқылау, жаттығу, сұрақ-жауап, миға шабуыл және т.б. эвристикалық әдістер кіреді. Инновациялық білім беру құралдары: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер-мультимедиялық құралдар, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық веб-сайт және т.б.

Мектеп мұғалімдерінің инновациялық даярлығын қалыптастыру оларға жүйелі инновациялық білім беру арқылы жүзеге асады.

Бірінші кезеңде мұғалімнің инновациялық білімді қайдан, қандай көлемде алатындығы айқындалады, қойылған мәселе шешіледі, оны шешудің тиімді жолдары қарастырылады.

Мұғалімдердің кәсіби білімдерін ұдайы жетілдіруді, жаңартуды қажет ететіндіктен, екінші кезеңде мектеп мұғалімдерін инновациялық дайындау мазмұны анықталады.

Инновациялық білімді меңгерген мұғалім өзінің теориялық алған білімін өз іс-тәжірибесіне енгізуге алғашқы қадамын жасауы тиіс. Бұл мәселе мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың үшінші кезеңінде шешімін табады.

Төртінші кезеңде мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудағы педагогикалық инновация мен инновациялық іс-тәжірибелердің мазмұны ашылады.

Бесінші кезеңде мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру бағытындағы инновациялық авторлық курстар, педагогикалық оқулар мен арнайы семинарлар, теориялық-тәжірибелік ғылыми конференциялар, педагогикалық тренингтердің мазмұны сараланады және жүзеге асырылады.

Алтыншы кезеңде мұғалімнің инновациялық технологияны меңгеруі бойынша әдістемелік жұмыстар жаңа бағытта жүргізіледі.

Жетінші кезеңде мұғалімнің инновациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізу бойынша инновациялық-технологиялық жұмыстардың мазмұны айқындалады.

Сегізінші кезеңде мұғалімнің инновациялық технологияны әдістемелік жетілдіруі бойынша шығармашылық ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты айқындалады.

Тоғызыншы кезеңде инновациялық біліммен қаруланған, инновациялық технологияның ерекшеліктерін диагностикалық саралаған, өз мектебі мен өз сыныбы жағдайында өзгертулер енгізе алатын, жоғары нәтижеге қол жеткізетін қазіргі заманғы педагогикалық технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуге мұғалім даяр болады [3].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. К.Ж. Бұзаубақова. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. Алматы. 2006.
2. Дарибаева С.К. Болашақ мамандардың инновациялық іс-әрекетін ұйымдастыру жолдары [Текст] / С. К. Дарибаева // Молодой ученый. 2015. №8.2. - С. 21-23.
3. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. «Жазушы», 2004.

ОӘК: 37. 013

### **Темерғалиева Айгерім Қасымханқызы**

*2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қ.*

### **ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ**

*Бұл мақалада оқушылардың іс- әрекетке танымдық, кәсіптік дербестігін пәнаралық байланыстар негізінде дамыту жеке тұлғаның дүниетанымдық, құндылық бағдарын қалыптастырумен өзара тығыз байланыста өтетіндігі қарастырылған.*

*Түйін сөздер: зердесі, эмоция мен сезім, сенім, танымдық, интеграция*

*В данной статье рассматривается, что развитие познавательной, профессиональной самостоятельности учащихся в деятельности на основе междисциплинарных связей осуществляется в тесном взаимодействии с формированием мировоззренческих, ценностных ориентиров личности.*

*Ключевые слова: память, эмоции и чувства, вера, познавательная, интеграция*

*This article considers that the development of cognitive, professional independence of students in activities based on interdisciplinary connections is carried out in close cooperation with the formation of ideological, value orientations of the individual.*

*Keywords: memory, emotions and feelings, faith, cognitive, integration*

Бастауыш сынып оқушыларының пәнаралық байланыс негізінде шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру үшін, олардың жекелеген сапаларын дамыту қажет деп білеміз. Оның ішінде: зердесін, эмоция мен сезімдерін, өзіне деген сенімділігін, өзін жақсы көруді, дүниеге көзқарасын, дербестігін, ынтасын дамыту. Педагог-психологтардың (оның ішінде Л.С.Выготскийдің) еңбектеріне талдау жасаудың негізінде ақыл-ойдың дамуының екі жолын атап көрсетуге болады. Оның біріншісі, қол жеткен даму - онда оқушы тапсырманы өз күшімен орындайды. Екіншісі, ең жақын даму аймағы - педагог тапсырманы күрделендіріп, мәселені шешуге бағыттайды. Бұл жолдың екеуінің де өзіндік орны ерекшеліктері бар. Біріншісі, оқушының талпынысынан, ұмтылысынан, ішкі мотивінен туындаса, екіншісі, сыртқы мотив арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі кезде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың мынадай жолдары белгілі: әңгімелесу, топ серуенге шығу, тәжірибелік жұмыстар, техникалық құралдарды пайдалану, танымдық есептер құрастыру және оны шешу, сөз жұмбақтар, ребустар, метограммаларды құрастыру және шешу, практикалық жұмыстар жүргізу.

Бастауыш сыныпта пәнаралық байланыстағы мақал-мәтелдерді оқушының шығармашылығын дамытатындай етіп пайдаланудың төмендегідей жолы бар:

- тақырып мазмұнына сай мақал-мәтел айтқызу;
- оны өз сөзімен, ойымен дәлелдету;
- көрініске қарап мақал-мәтел айту;
- табиғатқа сай мақал-мәтел құрастыру
- суреттерге қарап мақал-мәтел айту.

Осының нәтижесінде оқушының сөз саралауы, ізденімпаздығы, тапқырлығы, нақты ой болжауы - тіл байлығы артады. Соған орай оқу үрдісінде пән аралық байланыстар орнату – маңызды да күрделі міндет. Оның мәні оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге кешенді келу тұрғысында ерекше артады [1]. Педагогикалық әдебиетте пәнаралық байланыстың тұтас алғандағы психологиялық-педагогикалық және дүниетанымдық маңызын негіздейтін материалдарды көптеп табуға болады. Пәнаралық байланысты іс жүзінде орнату әдетте пән мұғалімдеріне жүктеледі. Бірақ бұл бағыттағы мүмкіндіктер толық ашылған жоқ. Пәнаралық байланыстардың екі тобы бөліп көрсетуге болады. Біріншісіне педагогикалық жоғары оқу орындарындабағдарлама бойынша оқытылатын мазмұндас пәндер ( математика мен физика , биология мен география және басқа) арасындағы байланыстар жатады. Мұндай байланыстар тиісті пәндердің мұғалімдері үшін түсінікті болғандықтан ондай байланыстар орнату алып бара жатқан қиыншылық туғызбайды.

Оқу пәндерінің жалпы құрылымдық элементтерді білім беру процесінде пәнаралық интерацияларды кешенді жүзеге асырудың объективті негізін жасайды .

- Оқып үйренудің ғылыми объектілер
- Түсініктер , заңдар , теориялар
- Дүниетанымдық идеялар
- Тарихи мәселелер және ғылыми жобалар
- Танымның жалпы қорытындылау тәсілдері
- Ерекше біліктілік пәндағды
- Ғылыми тіл
- Ғылымның әдістемелік негіздері және әдістері
- Білімнің тәрбие беру аспектілері

- Политтехникалық және іс жүзінде қолданылатын білім.

Пәнаралық байланыс - оқытудың қазіргі кезеңдегі ең көп қолданылатын үрдістерінің бірі. Ол пәндер арасындағы заңды байланыстылықты реттейді, оқушылардың алған білімдерінің бір-бірімен сабақтастығын бір жүйеге келтіреді. Пәнаралық байланыс оқушылардың меңгерген білімін кешенді түрде пайдалана білуге жол ашады.

Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығымен қатар мазмұндық, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық – әдістемелік, практикалық өндірістік т.б. қызметтерде жан – жақты белсенділік көрсетуі күшейеді. Пәнаралық байланыс ең алдымен оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырудың себебіне айналады. Оқушылардың іс - әрекетке танымдық, кәсіптік дербестігін пәнаралық байланыстар негізінде дамыту жеке тұлғаның дүниетанымдық, құндылық бағдарын қалыптастырумен өзара тығыз байланыста өтеді.

Сонымен пәнаралық интеграция ғылыми интеграцияның қазіргі жағдайдағы оқу пәндерінің мазмұны мен құрылымының қалыптасуында ерекше маңызды фактор, ал оқу пәндерінің құрылымының өзі олардың түрлері мен функцияларының әр алуан объективті көздерінің бірі болып қызмет етеді.

Біліктілік пен білімнің пәнаралықтығы бұл олардың әртүрлі оқу пәндерінен тасымалдау және тәсілдерді жалпы қорытындылау іс әрекеті процесінде алынған функционалдық сапа. Пәнаралық ғылыми интеграция процесінде әртүрлі ғылымдардың тоғысуынан жаңа білімдер мен әдістердің пайда болуындағы білім мен дағды сапасының генезисін қамтиды. Пән аралық дағды бұл бір-бірімен шектес пәндерден білім мен біліктілікті тасымалдау және қорытындылау процесінде оқушылардың байланысты табу мен меңгеру қабілеттілігі.

Сонымен, оқу пәні мен оқыту қызметі жалпының және ерекшеліктің бірлігі болып көрінетін оқыту процесіндегі жүйеліліктің объектілері болғандықтан пәнаралық интеграцияны анықтайтын дидактикалық негізі болып табылады [2].

Оқу пәні мен оқу қызметінің құрылымдық компоненттерінің ортақтығы білім беру процесінде пәнаралық интеграцияның қайнар көзі болып қызмет етеді.

Оқу пәнінің құрылымындағы білімнің негізгі түрлерін және оқушылардың оқу қызметтері құрылымындағы салыстырулар олардағы белгілі бір ұқсастықтарды айқындайды. Сондықтан да, білім беру процесіндегі пәнаралық интеграция келесідей негізгі бағыттарды жүзеге асыруы мүмкін.

-шектес ғылыми салалар үшін ортақ, ғылыми фактілерге, теорияларға, заңдарға, идеяларға сүйеу болатын оқушылар үшін қажетті дүние танымдық түсініктер жүйесін қалыптастыру.

-жалпы қорытындыланған білім және біліктілік негізінде пәндік білімдерді дұрыс бағалайтын қатынастарды қалыптастыру, бірге цикаралық байланыс пен дүние танымдық оқыту мәселелері ерекше ие.

- білімді практикада кешенді пайдалануды талап ететін политтехникалық білім және еңбек біліктілігімен дағдысын қалыптастыру.

Пәнаралық байланыстың негізінен үш тегі (типi) бар:

1. Мазмұндық-ақпараттық;
2. Операциялық-әрекеттік;
3. Ұйымдастырушылық-әдістемелік.
4. Интеграция білім мазмұны негізінде жасалса, мазмұндық-ақпараттық текке жатады.

Оқу-танымдық әрекеттердің тәсілдері және оқушылардың дағдыларына сүйенсе, операциялық-әрекетті, ал әдістер мен ұйымдастыру формаларына негізделсе, ұйымдастырушылық-әдістемелік интеграцияға жатады [3].

Қорыта айтқанда пәнаралық байланысты жетілдіру, орнықтыру ісіне зор мән берсе, мұның өзі оқушылардың білім сапасының жақсаруына зор ықпалы бар деп ойлаймын. Қазіргі таңда білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, кіріктіре, сабақтастыра отырып оқыту

арқылы білім беріп, оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке үйрету, жекебас дербестігін дамыту, бойларына жауапкершілік, орнықтылық қалыптастыру мәселелерін шешу мақсатын көздеп отыр. Пәнаралық байланыста экологиялық білім беруді ұйымдастыру, жеке пәндер мазмұнының, мәтіннің бір-бірімен өзара жымдасуын қамтамасыз ететіндей белгілі бір жүйелілікті керек етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдасатыру. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы:РБК, 1995. 117 б.
2. Кішібаева Д. Пәнаралық байланыстың мақсаты - оқушылардың білім сапасын арттырып, оқу іс-әрекетінде белсенділік таныту. Ұлытау - Жезқазған - көне өркениет пен Ә.Х.Марғұланнның ғылыми-зерттеу аймағы Республикалық "3-Марғұлан оқулары" материалдарының жинағы) - Жезқазған, 2004. -167-170 бб./
3. Мұханбетжанова А. Білім мазмұнының интеграциясы. // Бастауыш мектеп. –1998. №3. 5-9 б.



## ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 372.881.161.1

**Тахирова Маъсуда Абдужабборкизи**

Докторант PhD Национального университета Узбекистана  
имени Мирзо Улугбека

### **СЛОВАРНАЯ РАБОТА НА ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА В ВУЗЕ**

**Аннотация:** Бұл мақала қарастыру сөздік жұмыс сабақтарында орыс тілі тәсілінің бірі ретінде тілдік мәдениетін арттыру студенттер. Тілдік емес жоғары оқу орындарындағы орыс тілі сабақтарындағы сөздік жұмысты автор оқытушының жұмысындағы эпизод ретінде емес, ал – орыс тілі курсының барлық бөлімдерімен байланысты жүйелі, жақсы ұйымдастырылған, педагогикалық мақсатқа сай құрылған жұмысты қарастырады.

**Кілттік сөздер:** сөздік жұмыс, Оқыту, орыс тілі сапалы білім-тиімділік' конкурентоспособные кадры

**Аннотация:** Данная статья посвящена рассмотрению словарной работы на занятиях русского языка в качестве одного из способов повышения языковой культуры студентов. Словарная работа на занятиях русского языка в неязыковых вузах рассматривается автором не как эпизод в работе преподавателя, а – систематическая, хорошо организованная, педагогически целесообразно построенная работа, связанная со всеми разделами курса русского языка.

**Ключевые слова:** словарная работа, обучение, русский язык качественное образование– эффективность, конкурентоспособные кадры

**Abstract:** this article is devoted to the study of vocabulary work in the Russian language classes as one of the ways to improve the language culture of students. Russian Russian dictionary work in non-linguistic universities is considered by the author not as an episode in the work of a teacher, but as a systematic, well – organized, pedagogically appropriate work related to all sections of the Russian language course.

**Keyword:** vocabulary, training, Russian language quality education-efficiency ' competitive personnel

В настоящее время образование в Республике Узбекистан ориентировано на формирование нового поколения кадров, с высокой общей и профессиональной культурой, творческой и социальной активностью, умением самостоятельно ориентироваться в общественно-политической жизни. Следовательно, одной из важных педагогических задач на сегодняшний день – является создание целостного механизма внедрения в образовательный процесс таких методов и приемов, которые помогут студентам вузов не только овладеть определенными знаниями, умениями и навыками в той или иной сфере деятельности, но и развивать их творческие и интеллектуальные способности, где важная роль отводится, наряду с другими учебными дисциплинами и изучению русского языка.

Русский язык принадлежит к наиболее распространенным языкам мира. Согласно оценочным данным, русский язык по числу владеющих им занимает 3 место в мире после китайского и английского. Он является официальным или рабочим языком в большинстве авторитетных международных организаций.

Слово – инструмент познания мира. Именно поэтому с особой тщательностью нужно относиться к организации словарной работы на занятиях русского языка в

неязыковых вузах. Через слово студенты узнают и осознают законы языка, убеждаются в его точности, красоте, выразительности, богатстве и сложности [7].

Этот вопрос всегда привлекал внимание методистов и учителей русского языка. Так, Ф.И.Буслаев (1844) рекомендовал учителям русского языка «развивать в дитяти врожденный дар слова» [13]. И.И. Срезневский (1860) советовал преподавателям обогащать речь «словами и выражениями, для этого годными», научить пользоваться и выражениями, обращать разумное внимание на значение слов и выражений. К.Д.Ушинский писал, что нужно «через слово ввести дитя в область духовной жизни народа» [12].

В общеобразовательных школах русский язык изучается в Германии (168тыс), Франции (10тыс), Англии (10тыс), Австрии (4 тыс). В Бельгии,

Ирландии, Испании русский язык изучается в основном в системе высшего образования.

Русским языком владеют десятки тысяч граждан Узбекистан, получивших высшее образование в нашей стране. Русский язык продолжает преподаваться в национальной системе обучения в Китае, Монголии, Корейской народно-демократической республике, Вьетнаме. В большинстве стран Азиатского континента русский язык преподается в отдельных культурных центрах и на курсах при российских центрах науки и культуры.

В настоящее время разными формами изучения русского языка в дальнем зарубежье охвачено почти 2млн. человек [9].

Словарная работа на языковых занятиях является одним из способов повышения языковой культуры учащихся. В связи с этим встает вопрос обогащения их словарного запаса. В условиях научного прогресса в обиход входят новые слова, технические термины, большинство которых трудны и непонятны. Поэтому первостепенной задачей учителя-языковеда, в частности русиста, становится работа над обогащением словарного запаса учащихся.

Слово на занятиях русского языка в основном рассматривается в лексическом, грамматическом аспектах. Исходным этапом работы над словом является выяснение его лексического значения. Без понимания смыслового значения слова дальнейшая работа над ним не может быть продуктивной.

Для объяснения непонятных слов практикуют различные методические приемы, а именно словарную работу, замену одного слова синонимичным рядом и др. Чтобы процесс изучения языка был продуктивным, нужно с первых же занятий научить обучающихся пользоваться справочными пособиями, прежде всего словарями [9].

Каждый преподаватель должен организовать работу на занятиях русского языка так, чтобы обучающийся в процессе обучения учился размышлять, анализировать, сравнивать, самостоятельно делать выводы. А для этого ему нужен богатый словарный запас, хорошо развитая связная речь, что и определяет значимость такого структурного компонента занятия, который подчинен одной цели – знакомству со словом.

Словарно – семантическое и словарно-орфографическое направления в словарной работе направлены на обогащение лексикона и формирование навыков правописания. На занятиях слово одновременно рассматривается в четырех аспектах: орфоэпическом, лексико-семантическом, орфографическом и синтаксическом.

Для усвоения семантики и орфографии незнакомого слова применяется прием этимологической справки, данной преподавателем в связи отсутствия у студентов нужного справочного материала (этимологического словаря), что обеспечивает понимание значения слова и запоминание его написания. Но результат этого приема кратковременный, что требует дальнейшей работы, описанной в виде нижеследующих этапов:

1. Орфоэпический диктант (правильное произнесение записанных слов)
2. Диктант «Угадай слово!»
3. Лексический диктант (учащиеся должны дать толкование диктуемым словам).

4. Задание «Объясни разницу» (работа с парами слов, сходных по звучанию, но разных по значению: одеть – надеть, экономный – экономичный и т.п.)

5. Зрительные диктанты (работа с непроверяемыми написаниями, т.к. на помощь слуху студентов и их знаниям по грамматике приходит как серьезный фактор зрение, что способствует запоминанию нужных орфограмм и выработке навыка правописания)

6. Работа с орфографическим словарем

7. Подбор синонимов, антонимов, выбор для выражения своей мысли более точного слова.

8. Лексический разбор слова (как правило, задание такое придется давать на дом) [11].

Орфографический, толковый, орфоэпический, фразеологический и др. Словари крайне необходимы на занятиях, что вызывает трудность при работе: отсутствие или неполный комплект словарей на занятии. В этом случае, мы используем Смарт-технологии, с помощью которых, студенты свободно могут найти искомую ими единицу слова.

